

«Бекітемін»

М.Баймұханов атындағы орта
мектеп КММ директоры:

 А.М.Таумуринова



**М.Баймұханов атындағы орта мектеп коммуналдық мемлекеттік мекемесінің
«Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында
тәрбиенің «Тұжырымдамалық негіздерін» іске асырудың
2021-2022 жылдарға арналған
ТӘРБИЕ ЖҰМЫСЫНЫҢ ЖОСПАРЫ**

*(Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 15 сәуірдегі №145 бұйрығымен және
Облыстық білім беру басқармасының 2019 жылғы 20 шілде №264 бұйрығымен бекітілген)*

**Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары: А.А.Мухамбетжанова
Ж.Л.Куанышева**

М.Баймұханов атындағы орта мектеп коммуналдық мемлекеттік мекемесінің
«Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыру аясында тәрбиенің «Тұжырымдамалық негіздерін» іске асырудың
2021-2022 жылдарға арналған тәрбие жұмысының жылдық жоспары

(Тәрбие жұмысы бойынша негізгі басшылыққа алып жұмыс жасайтын құжат-Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 15 сәуірдегі №145 бұйрығымен бекітілген 2019-2024 жылдарға арналған «Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыру аясында тәрбиенің «Тұжырымдамалық негіздері») *Облыстық білім беру басқармасының 2019 жылғы 20»шілде №264 бұйрығымен бекітілген*

1. Кіріспе

«Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жағдайындағы Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері (бұдан әрі – Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері) – еліміздің өміріндегі түбегейлі әлеуметтік-экономикалық және саяси өзгерістер контекстінде әзірленген, білім беру жүйесінің барлық деңгейлерінде тәрбиенің жаңа мазмұнының басымдықтарын анықтайтын стратегиялық құжат.

Қазақстан Республикасы қоғамдық сананы жаңғырту ұстанымын алға қойған прогрессивті даму жолымен келеді. Қазіргі қоғамға ұлттық бірегейліктің аса маңыздылығын, мәдени контекстің, өздігінен даму, өзін-өзі тәрбиелеу және жоғары кәсіпқойлық, құзыреттілік пен тәрбиелілік, отбасы әлеуетінің рөлін арттыру негізінде табысты шығармашылық тұлға ретінде Қазақстан азаматтары мінез-кұлқының жаңа әлеуметтік-психологиялық эталонын қажет етеді.

Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздерінің контенті Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласында айқындалған қоғамдық сананы жаңғыртудың алты бағытын белгіледі. Олар: бәсекеге қабілеттілік, прагматизм, ұлттық бірегейлікті сақтау, білімнің салтанат құруы, Қазақстанның революциялық емес, эволюциялық дамуы, сананың ашықтығы.

Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздерінде олар жіктеліп берілді және соған сәйкес, тәрбиенің базалық мазмұнын жаңартудың басым бағыттары анықталады. Осы бағыттардың мәні мен мақсаты педагогикалық жүйелер мен педагогикалық процесті ұйымдастырудың алуан түрін, барлық заманауи тәрбие кеңістігін жаңғыртудан, адамгершілік-рухани және жалпымәдени құндылықтар шеңберін кеңейтуден, жас қазақстандықтарды тәрбиелеу практикасындағы мектептің, отбасының, мемлекет пен қоғамның тұтас тәсілдемесінен тұрады.

Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері тәрбиелеудің әрбір бағыты «Рухани жаңғыру» қоғамдық сананы жаңғыртудың негізгі бағыттарын, тәрбиенің заманауи тұжырымдарын, білім мен тәрбиені дамытудың әлемдік үрдістерін (жаһандану, интернационалдандыру, кіріктіру, компьютерлендіру, цифрландыру, универсалдандыру және т.б.), тәрбиенің әдіснамалық негіздері мен қағидаттарын қамтитындай түсінік пен танымнан құралады.

Әлемдік факторлар ұлттық құндылықтардың терең тәрбиелік мәдени әлеуетін қалыптастыруға қайта бағытталу, адамзаттың рухани-адамгершілік мұраларының императивтерін күшейту қажеттілігін тудырады.

Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері білім беру жүйесінің, әсіресе, мектепке дейінгі, жалпы орта, кәсіптік және қосымша білім берудің барлық көпқырлылық процесін жетілдіруге, тәрбиелеу мақсаттарына жетудің жоғары өнімділігіне отбасы мен азаматтық қоғамның жауапкершілігін арттыру және оларды белсенді жүзеге асыру бойынша мемлекеттің өзектілендірілген сұранысына негізделеді.

Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері адамгершілігі жоғары, білімді, Төртінші өнеркәсіптік революцияның қазіргі заманғы әлеміне табысты бейімделуі үшін жаңа технологиялық құрылысқа бағытталған бәсекеге қабілетті адами капитал даярлауға негізделген жаңартылған мазмұндағы мектептік білім беруге кезең-кезеңмен көшудің мақсатты нұсқауларына, қағидаттары мен міндеттеріне сүйенеді. Дәл осы аспектіде білім беру процесінің тәрбиелік әлеуетін арттыруды, оқыту мен тәрбиені, оқыту мен тәрбие кеңістігін неғұрлым сапалы, әрі тиімді кіріктіруді қамтамасыз ететін технологияның, тәрбиелеу әдістемелерінің жаңа білім беру қағидаттары жетілдірілді. Тәрбие, оқу, білім беру және ақпараттық қызметтік құзыреттілікті қалыптастыруда шектелген пәндік өнімдік қызметпен сәйкес келуі керек.

Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздеріне тәрбие жұмысы; тірек месседжилер; алға қойылған тәрбие мақсаттарына жету деңгейлерін өлшеуге арналған критериалды аппарат, мониторинг әдістері; кешенді ресурстық қамтамасыз ету; оларды жүзеге асырудан күтілетін нәтижелер; терминдер мен анықтамаларға негізделетін мақсаттар мен міндеттер; тәсілдер мен қағидаттар енеді.

2. Тәрбие жұмысын ұйымдастырудың негізгі нормативтік құқықтық құжаттары:

- 1) Бала құқықтары туралы БҰҰ Конвенциясы;
- 2) Қазақстан Республикасының Конституциясы;
- 3) «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 26 желтоқсандағы №518-IV Кодексі;
- 4) «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 8 тамыздағы № 345 Заңы;
- 5) «Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы» Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 4 желтоқсандағы №214-ІҮ Заңы;
- 6) «Балаларды денсаулығы мен дамуы назардабын тигізетін ақпараттан қорғау туралы» Қазақстан Республикасының 2018 жылғы 2 шілдедегі №169-VI Заңы;
- 7) «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі №319 Заңы;
- 8) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 988 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020–2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы;
- 9) ҚРБҒМ 2019 жылғы 15 сәуірдегі №145 бұйрығымен бекітілген «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жағдайындағы тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері;
- 10) ҚР БҒМ 2020 жылғы 12 маусымдағы № 248 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасында өлкетануды дамытудың тұжырымдамалық негіздері.

2021-2022 оқу жылында білім беру ұйымдарында мынадай жобалар іске асырылатын болады:

- ✓ «Мектептің өзін-өзі басқаруы»;
- ✓ «Дебат» қозғалысы;
- ✓ «Оқуға құштар мектеп»;
- ✓ «Отбасы–мектеп»;
- ✓ «Құқықтық сана–қауымға пана»;
- ✓ «Дәстүр мен ғұрып»;
- ✓ «Еңбек–елдің мұраты»;
- ✓ «Үнем–қоғам қуаты»;
- ✓ «Ерте жастан басталатын экологиялық мәдениет»
- ✓ «Қоғамға қызмет»;
- ✓ «Музей сабақтары»;
- ✓ «Театр сабақтары» жобасы.

Жоба материалдары Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының сайтында орналастырылған <https://www.nao.kz>).

2021-2022 оқу жылындағы мерейтойлық күнтізбелік күндерге назараударушынылады.

- Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне–**30**жыл;
- Семей ядролық полигонының жабылуына–**30**жыл;
- Қазақтың аса көрнекті ағартушы-педагогі Ыбырай Алтынсариннің туғанына–**180**жыл;
- Қазақ халық поэзиясының әйгілі тұлғасы, өлеңсөздіңдүлдүлі, жырау-жыршы Жамбыл Жабаевтың туғанына – **175**жыл;
- Қазақтың әйгілі күйші-композиторы, Қазақстанның халық әртісі Дина Нұрпейісованың туғанына – **160**жыл;
- Көрнекті қоғам және мемлекет қайраткері, Алаш қозғалысының жетекшісі, публицист, ғалым, аудармашы Әлихан Бөкейханның туғанына– **155**жыл;
- Қазақаны, әдебиеттанушы-ғалым, түркітанушы, публицист, педагог, аудармашы, қоғам қайраткері Ахмет Байтұрсынұлының туғанына–**150** жыл;
- Қазақтың лирик ақыны Мұқағали Мақатаевтың туғанына –**90**жыл;
- Этнограф, өнертанушы, әдебиетші, журналист, қоғам қайраткері Ақселеу Сейдімбектің туғанына–**80**жыл.

Еліміздің орта білім беру ұйымдарындағы тәрбие жұмысы «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жағдайындағы Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздеріне сәйкес сегіз негізгі бағыт бойынша жүзеге асырылады.

Бірінші бағыт-«Қазақстандық патриотизм мен азаматтықты тәрбиелеу, құқықтық тәрбие» білім алушылардың бойында қазақстандық патриотизм сезімін, құқықтық және азаматтық сана-сезімді, жеке бас бостандығымен ар-намысының құндылығын, парасаттылық пен адалдықты, олеранттылықты, еңбекке деген құрметті, «толықадам» қасиеттерін қалыптастырады, зорлық-зомбылық пен агрессиялық ой-пиғылдың, әр түлі типтегі кемсітушіліктің алдын алуды қарастырады.

Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай 2021-2022 оқу жылында «Туған елге тағзым» жалпы республикалық экспедициясын, «Тарих тағылымы» мен «Қазақ мәдениетінің антологиясы» әлеуметтік жобаларын, «Қазақстанның қасиетті рухани құндылықтары» («Қазақстанның киелі географиясы») жобасын қамтитын «Ұлы дала мұрагерлері» жобасын іске асыруды жалғастыру қажет.

Білім алушылар арасында өлкетану білімін насихаттау және танымал ету келесі материалдарда:

- *Қазақстан Республикасында өлкетануды дамытудың Тұжырымдамалық негіздерінде;*
- *«Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру аясында жалпы білім беретін ұйымдарда өлкетану жұмыстарын жетілдіру бойынша әдістемелік ұсынымдарда;*
- *«Айналаға қара» («Ауыл өмірі», «Қала өмірі»: әлеуметтік – тарихи тәжірибе) бағытын ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсынымдарда;*
- *«Өлкетану»: мәдени-генетикалық кодтың негізі» (мәдени мекемелердегі өлкетану сабақтары) (5-7-сыныптар) пәнін жүргізу бойынша әдістемелік ұсынымдарда;*
- *«Қазақстанның киелі орындары – Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы» әдістемелік ұсынымдарында;*
- *«Туған жер» бағдарламасы арқылы білім беру ұйымдарында білім алушылардың қазақстандық патриотизмін қалыптастыру бойынша әдістемелік ұсынымдарда көрсетілген (<https://www.nao.kz>).*

«Жас қыран» (1-4-сыныптар), «Жасұлан» (5-10-сыныптар), «Жас сарбаз» әскери-патриоттық клубтары, балалар мен жас өспірімдер қозғалысының қызметін ұйымдастыру білім алушылардың бойында патриотизм мен азаматтық жауапкершілікті қалыптастырумен дамытуға негіз болады.

Ы.Алтынсарин атындағы ҰБА әзірлеген *әдістемелік ұсынымдар* <https://www.nao.kz> сайтында орналастырылған.

Аға тәлімгерлер мен педагог-ұйымдастырушылар арға арналған әдістемелік құрал www.zhasulan.kz сайтында орналастырылған <https://www.zhasulan.kz/kz/project/view?id=14>. Білім беру ұйымдарының қазіргі заманға сай жұмыс жасауында білім беру ұйымында демократиялық басқару жағдайларын қамтамасыз етуге байланысты мәселелер туындайды, бұл кезде тек басшы мен педагогикалық кеңес қана емес, сондай-ақ оқушылар мен ата-аналар да білім беру процесінің толық құқығы бар субъектілері ретінде білім беру ұйымы ұсынатын қызметтердің сапасына ықпал етеді.

Мектептің өзін-өзі басқару органдарына мектеп парламенттері түрінде маңызды рөл беру ұсынылады. Білім беру ұйымдарында білім алушылардың өзін-өзі басқару органдарын дамытудың «Мектеп/Студенттікпарламент» тұжырымдамасы ҚРБҒМ 15.02.2021 жылғы №1-18-4/566-И шығыс хатымен Қазақстанның барлық өңірлеріне жолданды және <https://www.ziyatker.org/schoolparliament> сайтына орналастырылды.

Тәрбие бағытының бірі–білім алушыларды құқықтық тәрбиелеу. Қазіргі уақытта мемлекет пен азаматтық қоғам балалар мен жастардың құқықтық мүмкіндіктеріне асыр упроблемасын белсенді түрде көтеруде. Осыған байланысты қазақстандық мектептердің, колледждер мен жоғары оқуорындарының алдында құқықтық мемлекет жағдайында шығармашыл, бастамашыл, өзі және қоғам үшін пайдалы әрекет ете алатын еркін, жауаптытұлғаны,мәдениет адамын тәрбиелеуіндетітүр.

«Құқықтық сана–қауымғапана» жобасы білім алушылардың құқықтық сауаттылығы мен құқықтық санасын және құқықтық мәдениетін арттыруға бағытталған. Осы жоба шеңберінде білім беру ұйымдарында заманауи әдістемелер негізінде білім беру және тәжірибеге бағдарланған іс-шараларды өткізу жоспарлануда.

Білім алушылардың сана-сезімімен құқықтық мәдениетінің қалыптасу критерийлері: негізгізандарды білу, түсіну және міндетті түрде орындау, құқықты, заңдылықты құрметтеу, алған білімдерін күнделікті өмірде өз бетінше және функционалдық сауатты түрде пайдалана білу; нормаларға қайшы келмейтін мінез-құлық, құқыққа қарсы құбылыстардың, әрекеттердің кез келген түрін қабылдамау, академиялық адалдық.

Мектеп пен ата-аналар балаларды қоғамға жат мінез-құлықтан бастарту мәдениетіне тәрбиелеуікерек. Жоғары сыныптарда білімалушыларды құқықтық-жауапкершілік нормаларымен таныстыру қажет. Білім алушылар бала құқығы туралы БҰҰ Конвенциясының негізгіережелерін, «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» ҚР Кодексін, «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» және «Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы» ҚР Заңдарын білулері тиіс. *Жасөспірімдердің денсаулығы мен қауіпсіз мінез-құлқы мәселелерін зерттеугеназар аудару керек.*

ИНКЛЮЗИВТІ МӘДЕНИЕТ инклюзивті білім берудің негізгі үшаспектісінің (инклюзивті саясатты әзірлеу, инклюзивті мәдениетті құру, инклюзивті практиканы жүзеге асыру) маңызды құрамдас бөлігі болып саналады. Білім беру ұйымдарындағы әрбір адамның өзіндік ерекшелігін, әртүрлілігін құрметтеу, білім берудің кез келген субъектісіне қолайлы, жағымды мектеп қоғамдастығын құру, инклюзивті құндылықтарды қабылдауинклюзивті мәдениетті қалыптастырудың негізін құрайды.

Форумдар, арнайы семинарлар, жиналыстар, оның ішінде мүмкіндігі шектеулі табысты адамдар (Серік Есматов, Шахан Жолдасбаев, Зульфия Раухатовна – «Қазақстанның 100 жаңа есімі» жобасының кейіпкерлері, Пабло Пинед, Ника Вуйчиче, Стивен Хокинг және т.б.) туралы таныстырылымдар ұйымдастыру.

Инклюзивті мәдениет инклюзивті білім беруді тиімді жүзеге асырудың маңызды факторы. Сонымен қатаринклюзивті мәдениетті құру мектептегі теңдікті, қолжетімді ортаны қамтасыз етудің, ерекше білім беруді қажет ететін балаларды құрметтеудің, оларға жағымды көзқарас қалыптастырудың, әлеуметтендірудің негізі ретінде қарауымыз керек. Білім беру ұйымдарында қауіпсіз білім беру ортасын, білім алушылардың оң психо-эмоционалдық көңіл-күйін, әлеуметтік дағдыларын қалыптастыруға,

мектептегізорлық-зомбылықтың алдын алуға ерекше назар аудару қажет. Суицидтік мінез-құлыққа әкелетін негізгі факторлар – оқшаулану сезімінен туындаған жалғыздық, ата-аналары мен және туыстары мен жанжал.

«**Психологиялық қызметті және мектептегі татуласу қызметтерін ұйымдастыру**» жобасын іске асыру педагогтерге «Тәуекелтобындағы» балаларды анықтауға және оларға уақытылы көмек көрсетуге көмектеседі.

Сондай-ақ 2020 жылы Ы.Алтынсарин атындағы ҰБА әзірлеген *«Әдептіадам–әдеміадам» тақырыбындағы әдістемелік ұсынымды пайдалану маңызды: балалар мен жасөспірімдер арасында бейәлеуметтік құбылыстардың, нашақорлықтың, темекі шегудің және маскүнемдіктің алдын алуды ұйымдастыру жөніндегі әдістемелі кұсынымды қолданумаңызды. <https://www.nao.kz>).*

«Bilim Foundation» қоғамдық қоры әзірлеген бейнематериалдар педагогтар мен ата-аналарға әдістемелік көмек ретінде тегін ұсынылады (сайттарға сілтеме: <https://zhastar.org/application/parentspage>, <https://zhastar.org/application/studentspage#1>).

2) Рухани-адамгершіліктәрбие–адамгершілік келбеті, адамгершілік сана; құндылық сезімдері мен қасиеттері–ізгілік, ар-ождан, намыс, парыз, сенім, жауапкершілік, бауырмалдық, мейірімділік, адалдық, ынтымақтастық, ұлтаралық келісім, толеранттылық сияқты құндылықтарды қалыптастырады.

Волонтерлік білім алушылардың адами әлеуетін ашуға, адамгершілікті тәрбиелеуге және әлеуметтік тәжірибені дамытуға ықпал етеді. Волонтерлік –бұладалдық, әділдік, мейірімділік, жауапкершілік, достық, мейірімділік,төзімділікжәнежасампаздықинституты.Волонтерліктіңкеңтаралғантүрлерініңбіріхалықаралықпрактикадағыоқупроце маңызды құрамдас бөлігі ретінде танылған **«Ақылды волонтерлік»** (Service-learning) жүйесі.

Орта білім беру ұйымдарының білім алушыларын **«Қоғамға қызмет»** әлеуметті керіктілер жобасын–«Мектепке жол», «Қамқорлық», «Мектепке жиналуға көмектес», «Адамға қуаныш сыйла» және т.б. акцияларды жүзеге асыруға кеңінен қатыстыру қажет.

Орта білім беру ұйымдарында еріктілер қозғалысын ұйымдастыру туралы толық ақпарат *«Білім беру саласындағы еріктілік пен қайырымдылық және олардың қазіргі жағдайдағы білім беру жүйесі нәсаңғыртудағы рөлі»* әдістемелік ұсынымдарында берілген. Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы,2019ж. (<https://www.nao.kz>).

Рухани-адамгершілік тәрбиені қалыптастыруда қазақтың педагог-ағартушысы, жазушы, фольклоршы, қоғамқайраткері, ғалым-этнограф *Ыбырай Алтынсариннің туғанына 180 жыл толуына; қазақтың халық ақыны Жамбыл Жабаевтың 175 жылдығына; көрнекті қоғам және мемлекет қайраткері Әлихан Бөкейхановтың 155 жылдығына; қазақ әдебиеттануы мен тіл білімінің негізін салушы, ғалым, түркітанушы, публицист, педагог, аудармашы, қоғам қайраткері Ахмет Байтұрсынұлының 150 жылдығына; Қазақ КСР Халық әртісі, қазақтың белгілі музыкатанушысы, композитор, дирижёр, ақын Ахмет Жұбановтың 115 жылдығына; қазақтың белгілі лирик ақыны, аудармашы МұқағалиМақатаевтың 90 жылдығына арналған бұқаралық іс-шаралар өткізу маңызды рөл атқарады.*

Бүліс-шараларды «Қазақстанның ұлы ақындары мен жазушылары», «Адамзаттың ұлы ұстаздары», «Қазақстанның ұлы ойшылдары мен философтары» атты әдебиеткеш, «Сұлулық әлемді құтқарады» атты поэтикалық кеш, «Жақынына жанашыр бол»

атты әдеби-музыкалық композициялар, «Махаббат – адамөмірінің негізі», «Мейірімділік – адамның асыл қасиеті» атты рухани-адамгершілік мазмұндағы тестілер мен сұхбаттар түрінде ұйымдастыруға болады.

Адамгершілік құндылықтар жүйесін қалыптастырудың бір жолы – кітап оқу. 2021-2022 оқу жылында кітап оқуға деген қызығушылықты арттыру және оны қолдау, кітап мәртебесін («*Кітап оқу – сән*») арттыру мақсатында білім алушылар арасында **«Оқуға құштар мектеп»** жобасы барлық өңірде біртіндеп енгізіледі.

Мектеп кітапханаларының қорын толықтыру үшін Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты әзірлеген көркем әдебиеттер тізбесі ұсынылады. Бұл тізбе Ы.Алтынсарин атындағы ҰБА-ның www.pao.kz сайтында орналастырылған.

Жобаның негізгі бағыттары өзара қарым-қатынас пен әлеуметтік әріптестік арқылы білім алушылардың оқу құзыреттілігін, оқу мәдениеті мен оқу белсенділігін арттыруды, оқу сауаттылығы бойынша халықаралық зерттеулерге қатысуын жалғастыруды, оқырмандар қауымдастығын қалыптастыруды, іс-шараларға ата-аналарды қатыстыруды көздейді.

Мектеп сайтында үздік балалар әдебиеті мен мектеп әдебиетіне арналған түрлі сервистер, балалар мен жасөспірімдердің кітап оқу үрдісін кеңейту бойынша ресурстар (интернет-викториналар, сервистік ұсынымдар, кітапханалар туралы ақпарат және т.б.) ұсынылуы тиіс. Әр бір мектепте және отбасында 20 минуттық кітап оқу ұйымдастырылады. Мектеп холдарында үлкен үзілістерде кітап оқуды ұйымдастыру үшін «Буккроссинг» бұрыштарын құру ұсынылады.

Кітаптарды электронды форматта, соның ішінде мобильді құрылғылардың көмегімен оқу мүмкіндіктерін кеңейтетін, балаларға әдебиетті тандауда дұрыс бағдаралуына көмектесетін, кітап оқуға құмар балалар санын арттыратын жаңа электронды ресурстарды пайдалануға болады.

Қоғамда мінез-құлық мәдениетін қалыптастыру мақсатында:

✓ «Отаноттандастық», «Білекті бірді жығар, білімді мыңды жығар», «Білім – теңіз, мектеп – кеме», «Татулық – табылмас бақыт», «Еңбек – ердің көркі» және т.б. назар аудартатын қазақ мақал-мәтелдері жазылған баннерлерді мектеп ғимаратына орналастыру – дәстүрлі құндылықтарды санада нығайтуға, визуалды әсеретуге көмектеседі.

✓ Мүмкіндігіне қарай мектептің таңдауы бойынша оқушылардың жағымды көңіл-күйін қалыптастыру және психологиялық шиеленісті азайту мақсатында фондық музыкалық әуендерді (классикалық, ұлттық музыка, аспаптық шығармалар және т.б.) пайдалануға болады.

Ұлттық тәрбие аясында жаңа оқу жылында білім алушылардың бойына ұлттық құндылықтарды дарыту мақсатында цифрлық дәуір ерекшеліктері мен байланыстыра отырып **«Дәстүр мен ғұрып»** жобасы іске асырылатын болады.

Әрбір халық өзінің төл мәдениетін, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасатын салт-дәстүрлерін, әдет-ғұрыптарын сақтауы тиіс. Дәстүр жастарды тәрбиелеуде, ұлттық сана-сезімді қалыптастыруда маңызды рөл атқарады.

Жаһандану жағдайында ұлттық бірегейлікті, ұлттық кодты сақтау қажет. Бұл жағдайда қазақ халқының мәдени мұрасын, салт-дәстүрлерін, сондай-ақ ұлттық тағамдарын т.б. зерделесу – өзекті міндеттердің бірі.

Оқушылар мемлекеттік тіл – қазақ тілін, Қазақстан Республикасының мемлекеттік атрибуттары: мемлекеттік рәміздерін білуі тиіс. Осы негізде конкурстар мен олимпиадаларды тұрақты түрде өткізу; әрбір мектепте мұражай ашу; көрнекті тұлғалармен, даңқты

спортшылармен, ғалымдармен, «Қазақстанның 100 жаңа есімі» жобасы жетімпаздарының білім алушылармен кездесулерін өткізу; сондай-ақ өңірдің тарихи-мәдени мұра объектілерінде мектеп оқушылары үшін өлкетану бойынша тақырыптық сабақтар өткізу өзектілігін жоғалтпайды.

Аталған бағыт шеңберінде: «Менің Отаным – Қазақстан» (балалар мен жасөспірімдер туризмі мен өлкетануды дамыту, экспедициялар, саяхат, экскурсиялар ұйымдастыру), «Тарих мұрасы», «Өз жеріңді таны» (өлкетанулық білімімен мектеп туризмін, тарихи-археологиялық қозғалысты жандандыру, туған өлкенің тарихы мен мәдениетін, дәстүрін терең зерттеу) «Табиғатым – талбесігім» (туған жерге жауапкершілікпен, аялап қарау) жобаларын 31 жүзеге асыруды жалғастыру маңызды.

«Дәстүр мен ғұрып» жобасын іске асыру үшін академия әзірлеген «Қазақстанның киелі орындары – Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы» жобасы бойынша тәрбие жұмысының модельдері» әдістемелі құсынымдары әдістемелік нұсқаулық болады (<https://www.nao.kz>).

3) **Мектептегі отбасылық тәрбиенің мақсаты келесі құндылықтарды қалыптастыру:** отбасы мүшелері арасындағы сыйласымдылық, үлкенді құрметтеу, ананысыйлау, әкені қадір тұту, отбасы берекесі, отбасылық дәстүрлер, бауырмалдық, туысқандық, денсаулыққа қамқорлық, салт-дәстүр сабақтастығы, сүйіспеншілік.

Отбасында, мектепте, қоғамды қортада құндылықтар негізінде балаларды тәрбиелеу –қазіргі уақыттың өзекті мәселесі. Отбасылық құндылықтар мен ұлттық тәрбие мәселелері мектептердің тәрбие жұмысында, балалардың бос уақытын ұйымдастыру аясында қосымша білім беруде, мәдени-бұқаралық іс-шараларда, конкурстар мен сынып сағаттарында, ата-аналар жиналыстарында, үйірме жұмыстарында, сондай-ақ еңбек тәрбиесінде, бірлесіп еңбе кетуде көрініс табуы тиіс.

Ата-аналар жиналыстарын дәстүрлі емес форматта өткізу: «Кәсіби мамандарды шақыра отырып баспасөз конференциялары», «Ата-аналар сенбіліктері», «Психологиялық тренинг» «Отбасын таныстыру», «Тәжірибе алмасу» және т.б. ұсынылады. Оқушылар «Ауылдағы Запта», «Ата-анамыздың жұмыс орнындағы он күн» жобалары аясында өздерінің жан-жақты дамуы мен шығармашылық әлеуетін жүзеге асыра алады (НЗМ тәжірибесі бойынша).

«Отбасы–мектеп» жобасы отбасының тәрбиелік әлеуетін, білім беру ұйымдарында білім алушылардың ата-аналары мен қарым-қатынасын үйлестіру және отбасылық тәрбиені жақсарту үшін педагогтердің әлеуетін арттыруға бағытталған.

Ата-аналарға арналған лекториялар, ата-аналар ештерін, Ашық есікк үндерін, тренингтер өткізу, «Атамектебі», «Әжемектебі», «Әкемектебі», «Ана мектебін» құру ұсынылады. Бұл мектептерді құрудың мақсаты– бала тәрбиесіндегі отбасының рөлін арттыру.

Ата-аналардың, қоғамның, үкіметтік емес ұйымдардың қатысуымен «**Мектептегі бір күн**» жобасын іске асыру ата-аналардың қажеттіліктерін, сұраныстарын, отбасылық ерекшеліктерімен отбасылық тәрбиесі ескеріледі, ата-аналарды мектептің, сыныптың, өз баласының істеріне жұмылдыруға, білім беру процесінің барлық қатысушыларымен өзара іс-қимыл жасауға жәрдемдеседі.

Педагогикалық және ата-аналық консилиумдар шеңберінде ата-аналармен, балалармен жеке әңгімелесулер өткізіледі, жеке балаға арналған бағдарламалар жасалады, баланың үй жағдайымен танысу үшін отбасына бару, отбасылық проблемалар мен алалар тәрбиесі бойынша кеңестер өткізу қамтылады.

Отбасылық тәрбие әдістемесі инновациялық тәсілдерді, технологиялар мен әдіс-тәсілдер жиынтығын, оның ішінде ата-аналардың баласы мен бірге туған өлкенің киелі орындарын (тарихи ескерткіштерді, кесенелерді, мұражайларды, табиғи нысандарды) зерттеуді қамтиды. Киелі орындарға бару отбасының ауызбіршілігі мен сыйластығын арттыруға ықпал етеді.

Отбасылық тәрбиеде ата-тегінің шежіресін құрастыру оқушыларға үлкен тағылым. Баланың өз тегін, жеті атасын білуі, өзінің отбасылық шежіресін құрастыруы–отбасылық жақсы дәстүр мен ұрпақтар сабақтастығын қалыптастырудың, әулеттегі татулықты нығайтудың, баланың текті болып өсуінің кепілі. Сонымен қатар баланы отбасылық жәдігерлер мен тарихына, фотосуреттерге, үй мұрағаттарына, ата-әжелеріне, марапаттарына құрметпен қарауға тәрбиелеу маңызды.

Отбасылық құндылықтарды алыптастыру жөніндегі әдістемелік ұсынымдар – орта білім беру ұйымдарының оқу-тәрбие процесінде отбасылық тәрбиені іске асыруға арналған нұсқаулық (<https://www.nao.kz>).

4) Білім алушылар бойында еңбек тәрбиесін, экономикалық және экологиялық тәрбиені қалыптастыру. Еңбек тәрбиесі, экономикалық және экологиялық тәрбие білім алушылар бойына шығармашылық еңбек, еңбек мәдениеті, экономикалық сана, кәсіп, мансап, функционалдық сауаттылық, туған табиғатқа деген сүйіспеншілік сынды құндылықтарды сіңіруге ықпал етеді. **«Еңбек–елдің мұраты»** жобасы шеңберінде өзінің кәсіби саласында айтарлықтай нәтижелерге қолжеткізген табысты адамдардың өмірімен қызметі жайында таныстырылады, білім алушылар арасында кәсіптік бағдарлау жұмысы жүргізіледі, еңбектің құндылығы жаңа деңгейге көтеріледі.

Оқушыларды еңбекке тәрбиелеу әртүрлі іс-шараларды ұйымдастыру арқылы жүзеге асырылады: қолөнер көрмесі, мектеп маңайын және ауылын көгалдандыру мен абаттандыру, шеберлер турнирі, игі істер апталығы, көңілді шеберлер қаласы, еріктілер актісі, қамқорлық көрсету аймағы, еңбек десанты және тағы сол сияқты іс-шараларды ұйымдастыру арқылы жүзеге асырылады.

Білім алушылардың өзін-өзі кәсіби анықтауында мамандықтан дауына көмектесетін «Мамандық таңдау уақыты» бейне блогерлер байқауы, «Мен-кәсіптер әлемінде» әдеби байқауы (эссе), «Мамандық: кеше, бүгін, ертең» байқауы, «Мұндай мамандық бар» презентациялар конкурсы сияқты іс-шаралар жүйесін өткізу ұсынылады.

Қазіргі уақытта Қазақстанда «Атамекен» ҚР Ұлттық Кәсіпкерлер Палатасының қолдауымен 9 негізгі сала: мұнай-газ, ауыл шаруашылығы, көлік және логистика, машина жасау, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар, нергетика, туризм, тау-кен металлургия кешені және құрылыс бойынша іске асырылатын «Еңбек нарығында сұранысқа ие жаңа кәсіптер мен қүзыреттердің атласы» ұлттық жобасы әзірленді.

Кәсіби бағдар беру жұмысын дұрыс ұйымдастыру мақсатында:

- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2019 жылғы 15 сәуірдегі №150 ұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасының білім беру ұйымдарында білім алушылардың кәсіби бағдарын анықтау және диагностикасын жүргізу бойынша әдістемелік ұсынымдарды;
- Орта мектептің 7-11-сынып оқушыларының кәсібиди агностикасын жүргізу ойынша ұралдарды пайдалану туралы әдістемелік ұсынымдарды;
- ЕБҚ балалардың мамандық таңдау кезінде отбасы, мектеп және жұмысқа орналастыру органдарының өзара іс-қимылы

бойынша әдістемелік ұсыныстар (<https://www.nao.kz>).

«Үнем – қоғам қуаты» жобасының міндеті – ұқыптылық пен үнемділік, мінез-құлық трендтерін қалыптастыру, прагматикалық дағдыларға, тайм-менеджментке үйрету, қаржы және материалдық ресурстарды сақтау және үнемді пайдалану дағдыларын қалыптастыру, сыни ойлауға үйрету.

Білім алушылардың экономикалық тәрбиесіне тақырыптық сынып сағаттарын, экскурсияларды, пікірталастарды, рөлді қойындарды және т.б. өткізу оң ықпал етеді. Бұл ретте «Іскерлік қарым-қатынас этикасы» сынып сағаттары, «Жарнама жасау өнері», «XXI ғасыр менеджері», «Көшбасшы нені білуі керек?», «Кәсіпорындардағы қақтығыс жағдайларын шешу» рөлді қойындары, кәсіпорындарға экскурсиялар және т.б. қамтылуы тиіс. Нәтижесінде білім алушылар тапқырлыққа, бастамашылдыққа; қоғамдық игілікке, жеке табыспен игілікке ұқыпты қарауға үйренеді. **«Ерте жастан экологиялық мәдениет»** жобасы аясында тәрбиелік іс-шаралар кешенін іске асыру экологиялық мәдениетті қалыптастыруға, қоршаған әлемге ұқыпты қарауға ықпал етеді. Пәндік салалар арқылы білім алушылар өсімдіктердің әртүрімен және де коративті өсімдіктерді көбейту тәсілдерімен (био алуан түрлілік); білім беру ұйымдарында және үйде энергия тұтыну құрылымымен, оны үнемдеу тәсілдерімен (энергия үнемдеу); мектепте және үйде суды үнемді пайдалану мүмкіндігімен (су үнемдеу); қалдықтардың пайда болу көздері, оларды азайту тәсілдерін анықтау, қоқысты бөлек жинауды енгізу (қалдықтармен жұмыс істеу) және т.б. танысады. Сыныптан тыс жұмыстарда келесі ақпараттық-экологиялық, әлеуметтік маңызы бар іс-шараларды: акцияларды, көрмелерді, мектепшен оған іргелесу мақты үздік көгалдандыруға арналған конкурстарды, логиялық бастамаларды, жергілікті халыққа экологиялық білім беруді жандандыру қажет. Білім алушыларды экологиялық тәрбиелеудің ең тиімді жолдарының бірі

– Жастардың экологиялық санасын қалыптастыру мақсатында жоспарлы түрде эко жұма, «Қоқыссыз әлем», «Біз табиғатты қорғаймыз» тақырыптарында сынып сағаттарын өткізу. Бұдан басқа, эко-фестивальді, эко-квесттерді, қоқыстан арт-объектілер құру бойынша мастер-класстарды ұйымдастыру, экологияның өзекті мәселелері бойынша ғылыми жобаларды қорғау, театрлық қойылымдарды дайындау, шикізаттық айта өндей отырып эко материалдан бұйымдар жасау ең үздік тәжірибелердің бірі болып есептеледі.

Экологиялық мәдениетті қалыптастырудың негізін білім беру ұйымдарының, ауданның, қаланың аумақтарын көгалдандыру және абаттандыру бойынша сенбіліктер; «Жасыл ел» қозғалысы шеңберінде жасыл желектер отырғызу, еріктілер қозғалысы, табиғи аймақтарды қоқыстан тазарту құрайды.

5) Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие білім алушыларға эстетикалық сананы; эстетикалық талғамды қалыптастыруға көмектеседі.

Мектептегі көпмәдениетті тәрбие басқа мәдениеттердің, ұлттардың, діни сенім және т.б. өкілдеріне толерантты көзқарасты қалыптастыруға бағытталуы керек. Осы бағытты іске асырудың негізгі тетіктері – Қазақстан халқы Ассамблеясымен және этно мәдени орталықтар мен ынтымақтастық; балалар мен жастар жұмыстарының көрмесін ұйымдастыру, халықтар достығы фестивалдері, тілдік және шығармашылық клубтар, конкурстар; танымаладамдармен, өнер қайраткерлерімен кездесулер. Жыл сайын тәрбие жұмысының жоспарына білім алушыларды көпмәдениетті тәрбиелеу жөніндегі іс-шараларды

(толеранттылық сабақтары, Әлем күніне арналған акциялар, Халықаралық бейбітшілік күніне арналған бірыңғай ақпараттандыру сағаты және т.б.) енгізу ұсынылады.

Көркем-эстетикалық тәрбие саласында отандық мәдени жетістіктерді – кітаптарды, пьесаларды, мүсіндерді, картиналарды, музыкалық шығармаларды, Ұлы дала мұрагерлерінің өткен мың жылдықтағы халық ауыз әдебиетінің үздік үлгілерін – ертегілерді, аңыздарды, эпостарды, аңыздарды оқыту және ілгері дамыту ұсынылады. Сонымен қатар тұрақты жұмыс істейтін тақырыптық кітап көрмелерін өткізу маңызды. Өскелең ұрпақты театр өнері әлеміне тарту мақсатында әр мектепте **«Балалар және театр»** ағартушылық жобасын жүзеге асыру маңызды (<https://www.ziyatker.org/detyteatr>).

б) Зияткерлік тәрбие білім құндылығын; зияткерлік ұстанымды; әрбір тұлғаның көшбасшылық қасиеттері мен дарындылығын; алақпараттық мәдениетті тәрбиелеу кибер мәдениет мен кибергигиенаны қалыптастырады.

Зияткерлік тәрбие лингвистикалық, музыкалық, логикалық-математикалық, кеңестіктік, дене-кинестетикалық, тұлғааралық, тұлға ішіндегі зияткерлікті дамытуға бағытталуы керек.

Білім алушылардың бойында эмоционалды зияткерлікті қалыптастыру бойынша әдістемелік нұсқаулық ретінде «Денсаулық пен өмірлік дағдыларды қалыптастыру, сондай-ақ кәмілетке толмағандар арасында суицидтің алдын алу» бағдарламасы аясында педагогтерге арнап әзірленген әдістемелік құрал ұсынылады (3модуль. Эмоционалды интеллект және тұлғааралық қарым-қатынас) «BilimFoundation», 2017.

«Ұшқыр ой алаңы» оқушылардың дебаттық қозғалысы» жалпыұлттық мәдени-білім беру жобасын іске асыру білім алушылардың командада жұмыс істеу дағдысын қалыптастыруға, қарама-қарсы пікірге құрметпен қарауға, өзк өзқарастары мен пікірлерін белсенді қорғауға үйретуге мүмкіндік береді. Пікір сайыс қозғалысының мақсаты-қоғамда орындалған проблемаларды жариятап қылау және талдау арқылы білім алушылардың әлеуметтік және шығармашылық белсенділігін арттыру.

Пікірсайыс қозғалысының міндеттері: білім алушылардың құқықтық мәдениетін, азаматтық белсенділігін, жауапкершілігін, шығармашылық және сыни ойлау, даулы жағдайларды дипломатиялық жол мен шешу қабілетін қалыптастыру; мәдени-танымдық және ағартушылық қызметтің инновациялық модельдері мен технологияларын пайдалана отырып, еліміздің әрбір өңірінде әрбір білім беру ұйымында, клубтарда пікір сайыс орталықтарын құру. Пікір сайыс қозғалысына қатысушылар ашықтық, жүйелілік, еріктілік, ізгілендіру, қолжетімділік, адалдық және әріптестерді құрметтеу қағидаттарын басшылыққа алады.

«Оқушылар мен студент жастардың дебаттық қозғалысы» жалпы ұлттық мәдени-білім беру жобасының тұжырымдамасы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы» РМҚК сайтында орналасқан. <https://www.ziyatker.org/debatnoedvizheny>.

Ақпараттық қауіпсіздік мәселесі өзекті болып қалуда. Әлеуметтік сауалнаманың (*Қазақстан Республикасы балаларының 2019 жылғы жағдайы туралы баяндама*) деректері бойынша балалардың 70%-дан астамы интернетті пайдаланады, ұялы телефондары мен компьютерлері бар, соларқылы кибер-буллинг, электрондық кеңістіктегі алаяқтыққа осалдық танытады. Сауалнамаға қатысқандардың жалпы санының 6%-ы әлеуметтік желілерде виртуалды зорлық

– зомбылық, 8,5%-ы дінді насихаттау, 5%-ы суицидті насихаттау жағдайларына тап болды. Алайда сауалнамаға қатысқан балалардың 86%-ы әлеуметтік желілерде танысуға оң көзқараспен қарайды. Ата-аналардың өз балаларының интернет-тәуелділігі қауіпін бақыламайтыны және бейхабарлығы жағдайды ушықтырады. Орташаалғанда, ата-аналардың шамамен 36%-ы сауалнама аясында интернет-кеңістікте балаларды қудалау мен бопсалаудың әртүрлі түрлері бар екенін естіді.

Ақпараттық мәдениетті қалыптастыру мақсатында білім алушыларға интернет-кеңістіктегі імінез-құлық мәдениеті: қарым-қатынас мәдениетіне, өзойын білдіруге, әңгімелесушінің пікірін құрметтеуге, этикалық нормаларды сақтауға дағдыландыру маңызды. Отбасы мен мектептің ынтымақтастық тағы қызметі *«Балалардың денсаулығы мен дамуы назар дабын тигізетін ақпараттан қорғау туралы» ҚР 2018 жылғы 2 шілдедегі №169-VI Заңы* аясында зорлық-зомбылықты, суицидті насихаттайтын интернет желісіндегі белгілі бір сайттарға балалардың қол жеткізуін бақылауды қамтамасыз етуге бағытталуы тиіс.

Жалпы білім беру ұйымдарының тәрбие жұмыстарының жоспарына кибермәдениет және кибергигиена, оның ішінде білімалушылардың киберқауіпсіздігімен ақпараттық қауіпсіздігі жөніндегі іс-шараларды қосу қажет.

Мектеп қабырғасынан бастап, халықаралық тәжірибені ескере отырып, балаларды киберқауіпсіздікке оқыту керек, онда олар хакерлердің желілік шабуылдарынан қауіпсіздікті қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін дағдыларды үйренеді. Киберқауіпсіздік, кибергигиена, кибермәдениет мәселелері бойынша мектепте оқыту семинарларын ұйымдастыру үшін материалдарды келесі сайттардан табуға болады:

1. <https://cybersecuritymonth.eu/press-campaign-toolbox/ecsm-material/cybersecurity-spaces-workshops-on-cybersecurity-for-high-school-students> (бұл сайтта «Ресурстар» бөлімінде пайдаланылатын құжаттар бар);
2. <https://www.mcafee.com/blogs/consumer/importance-cybersecurity-lessons-schools/>;
3. <https://eu-acerforeducation.acer.com/education-trends/cybersecurity-how-to-teach-students-to-use-internet-responsibly/>;
4. <https://www.youtube.com/watch?v=ULGILG-ZhO0> (ағылшын тіліндегі бейнелер барлық негізгі қағидаларды түсіндіреді);
5. <https://www.edb.gov.hk/en/edu-system/primary-secondary/applicable-to-primary-secondary/it-in-edu/information-security.html>

7) **Дене тәрбиесі** салауатты өмір салтының, денешынықтыру мен спорттың, дене бітімін жетілдірудің құндылығын, өз денсаулығына жауапкершілікпен қарау құндылығын қалыптастырады.

Орта ілім беру ұйымдарында бұқаралық спорт түрлері (*футбол, волейбол, баскетбол, гандбол, футзал, ұлттық спорт түрлері: асықату, тоғызқұмалақ, қазақкүресі*) бойынша мектептік спортлигалар желісімен спорт секцияларын кеңейту маңызды. Ұлттық және бұқаралық спорт түрлері бойынша ұлттық спортлигаларын, қысқы және жазғы спорт түрлері бойынша оқушылар спартакиадасын дамыту қажет.

«Денешынықтыру» пәнінің әрбір мұғалімі қосымша ақы есебінен үш спорттық секция жүргізеді.

Дене тәрбиесі міндеттерінің бірі—білімалушыларды республикалық көп деңгейлі балалар-жасөспірімдер турнирлері мен жарыстарына, халықаралық жарыстарға (қысқы және жазғы Дүниежүзілік Гимназиада) қатысуға белсенділіктері мен мүмкіндіктерін арттыру.

Жасөспірімдердің репродуктивті денсаулығын сақтау, нашакорлықтың, маскүнемдіктің, темекішегудің, АИТ/ЖИТС-тің алдын алу және салауатты өмір салтының негіздері бойынша семинар-тренингтер өткізу тәрбие жұмысының ажырамас бөлігі.

Жоғарыда көрсетілген ісшараларды өткізу үшін бұқаралық спорт түрлері (футбол, волейбол, баскетбол және т.б.) бойынша мектеп спортлигасын ұйымдастыру жөніндегі әдістемелік ұсынымдар әдістемелік базасы (<https://www.nao.kz>).

Тәрбие жұмысын жоспарлау кезінде жоспарлаудың өзекті нысанын-ортақ мақсатпен, оларды орындау уақытымен біріктірілген өзара байланысты жобаларды қамтитын *мега жобаны* пайдалану ұсынылады.

Жобалар шеңберіндегі іс-шаралардың сәтті шарттарының бірі – сынып жетекшісінің барлық жүзеге асырылатын шаралардың маңыздылығын түсінуі, тәрбие беру процесі шеңберіндегі іс-әрекеттің өзін-өзі талдайалуы.

Тәрбие жұмысының нәтижелерін бағалау кезінде үш деңгейді ескеру қажет.

Бірінші деңгей— оқушының әлеуметтік білім алуымен күнделікті өмірде әлеуметтік шынайылықты түсінуі.

Екінші деңгей— оқушының өмірлік тәжірибе мен қоғамның негізгі құндылықтарына (*адам, отбасы, Отан, табиғат, әлем, білім, еңбек, мәдениет*) оң көзқарасы, жалпы әлеуметтік шынайылықты құндылық ретінде қабылдауы.

Үшінші деңгей— оқушының әлеуметтік іс-әрекет тәжірибесіне өз бетінше ие болуы. Критерийлер: «Тәрбиелікіс-шара: қойылған мақсаттарға қол жеткізу деңгейін өлшеу критерийлері (бәсекеге қабілеттілік; прагматизм; ұлттық бірегейлікті сақтау; білімге ашылу; Қазақстанның революциялық емес, эволюциялық дамуы; сананың ашықтығы) әдістемелік ұсынымдарда сипатталған (Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2018.—120б.)

Білім беру ұйымдарында:

- 1) Білім алушылар педагогке аты-жөнін (есімі, әкесінің аты) немесе «Мұғалім» деп айтады;
- 2) Педагог білім алушылардың есімін айтуы тиіс;
- 3) Сабақтың басталуы мен аяқталуы туралы хабардар болу үшін мектептерге дәстүрлі қоңырау үнін таңдау немесе Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы ұсынымдарына сәйкес, музыкалық әуендерді пайдалану ұсынылады: сабақтың басталуына—«төкпекүй», сабақтың аяқталуына— «шертпе күй».
- 4) Мектептер мен кабинеттерді безендіру кезінде сәйкес келмейтін атрибуттарды шамадан тыс қолданбау ұсынылады. Мектеп пен ата-аналардың өзара қарым-қатынасында балалардың мүддесі үшін өзара ынтымақтастық орнатуы тиіс. Осы мақсатта *«Ата-аналардың қонақ бөлмесі», «Директорлық сенбі», «Педагогикалық консилдум»* жобаларын жүзеге асыру ұсынылады.

Білім беру ұйымының басшысы кіреберісте сабақ басталар алдында тәрбиеленушілер мен білім алушыларды қарсы алады.

Прагматизмді, үнемділікті және әртүрлі ресурстарды ұтымды пайдалануды ескере отырып, мектептерде бұқаралық мәдени іс-шараларды ұйымдастыру ұсынылады. Бұл тұрғыда «Алғашқы қоңырау», «Соңғы қоңырау», «Бітірушілер кеші», «Жаңа жыл», «Наурыз», «Тұңғыш Президент күні» сияқты мектептік бұқаралық мәдени іс-шараларды білім алушылар мен педагогтердің белсенді (қаржылық емес) қатысуы мен қарапайым, бірақ салтанатты түрде ұйымдастыру ұсынылады.

Мектеп әкімшілігі, Қамқоршылық кеңес кабинеттерге мектептің дамуына үлес қосқан қоғам қайраткерінің, меценаттың есімін беру туралы шешім қабылдай алады. Мысалы, меценат мектеп кабинетін жабдықтап, компьютер, жиһаз сатып алып, жөндеу жұмыстарына қаржы бөліп, мектепті оқу-әдістемелік ресурстармен қамтамасыз ететідейік. Мұндай жағдайларда педагогикалық кеңестің шешімімен меценаттың есімі жазылған тақта кабинетке орнатылуы мүмкін.

Зияткерлік конкурстар мен олимпиадалар, білім алушылардың шығармашылық конкурстары мен спорттық жарыстары, педагогтердің кәсіби конкурстары ҚР БҒМ 2011 жылғы 7 желтоқсандағы №514 бұйрығы мен бекітілген тізбеге сәйкес (2021 жылғы 25 мамырдағы №232 өзгерістермен) және жергілікті атқарушы органдардың қаулыларымен білім беру басқармаларының бұйрықтары негізінде өткізіледі. Білім беру ұйымдарының, педагогтердің, білім алушылардың оқу, кәсіби жетістіктерін бағалау кезінде осы ресми конкурстардың, жарыстардың нәтижелерін ескеру ұсынылады.

Карантиндік және шектеу іс-шаралары жағдайында балалардың қатысуымен өткізілетін мәдени-бұқаралық және спорттық-бұқаралық іс-шаралар тоқтатылады.

Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін міндетті құжаттардың тізбесін және олардың нысандарын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 6 сәуірдегі № 130 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 6 сәуірде № 20317 болып тіркелді.
/16 қосымша/

**М.Баймұханов атындағы орта мектеп коммуналдық мемлекеттік мекемесі
бойынша 2021-2022 оқу жылдарға
арналған тәрбие жұмысының кешенді бағдарламасы бойынша жылдық жұмыс жоспары**

| № | Негізгі жұмыс бағыттары | Іс- шаралар | Жауаптылар | Орындалу мерзімі |
|---|---|---|--|------------------|
| 1 | Жаңа қазақстандық патриотизм мен азаматтықты тәрбиелеу, құқықтық тәрбие | 1 қыркүйек Білім күніне орай «Кел, балалар, оқылық» 1 сынып оқушыларына арналған салтанатты жиын ҚР –ның Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай «Тәуелсіздік жетістіктері» сынып сағаты | Мектеп әкімшілігі Сынып жетекшілер | 1 қыркүйек |
| 2 | «Мәңгілік ел» патриоттық актісі аясында | 5 қыркүйек Тілдер мерекесіне орай «Ана тілім - ардағым» мәнерлеп оқу сайысы Қазақтың аса көрнекті ағартушы-педагогі Ыбырай Алтынсариннің туғанына–180жыл; | Тәрбие ісі орынбасарлары Сынып жетекшілер | 3 қыркүйек |
| 3 | Отбасы тәрбиесі | «Отбасыммен өткен бір күнім» бейнероликтер байқауы | Тәрбие ісі орынбасарлары Сынып жетекшілер | 7/12 қыркүйек |
| 4 | Еңбек, экономикалық және экологиялық | Мектепшілік сенбілік | Мұғалімдер Тех қызметкерлер | Уақытылы |

| | | | | |
|----|---|---|--|------------------------|
| | тәрбие | | | |
| 5 | Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты | «Қауіпсіз жол» 1-4 сыныптар | Тәлімгер | 16.09.2021ж |
| 6 | Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие | «Еңбек түбі - береке» апталық | Тәрбие ісі орынбасарлары Сынып жетекшілер Технология пәні мұғалімдері | 13/18.09 |
| 7 | Отбасы тәрбиесі | «Құқық бұзушылықтың алдын-алу" ата-аналар жиналысы | Тәрбие ісі орынбасарлары Сынып жетекшілер | 17.09.2021ж |
| 8 | Отбасы тәрбиесі | «Қарты бар үйдің қазынасы бар» (ата-әжелерімен бірге кітап оқу) | Мектеп кітапханашылары Сынып жетекшілер | 24.09.2021ж |
| 9 | Рухани-адамгершілік тәрбие Ұлттық тәрбие | Ұстаздар күніне орай «Ұлылықтың басында ұстаз тұрар» апталығы Қазақ халық поэзиясының әйгілі тұлғасы, өлең сөздің дүлдүлі, жырау, жыршы Жамбыл Жабаевтың туғанына – 175 жыл; | Тәрбие ісі орынбасарлары Сынып жетекшілер Қазақ тілі мен әдебиеті пән бірлестігі | 27.09 – 01.10.2021ж |
| 10 | Рухани жаңғыру | «Балаңызды бақылауда ұстаңыз» интернет әлемінің зардабы туралы әңгіме сағаттары | Сынып жетекшілер | 05.10.2021ж |
| 11 | Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты | «Қыз еркем, қылығымен көркем» қыздар апталығы | Мектеп психологтары Сынып жетекшілер | 04-08.10.2021 ж |
| 12 | «Мәңгілік ел» | «Тәуелсіздік айғағы –ел рәміздері» апталық | Тәрбие ісі орынбасарлары Кітапханашы | 18 – 22.10.2021ж |

| | | | | |
|----|---|---|--|------------------------|
| | | | Сынып жетекшілер | |
| 13 | Көпмәдениетті және көркем – эстетикалық тәрбие | «Қыз - өмірдің шуағы» қыздар жиналысы онлайн 10-11 сыныптар 8-9 сыныптар | Қыздар ұйымының жетекшілері Тәрбие ісі орынбасарлары Мектеп психологтары Сынып жетекшілер | 20.10.2021ж |
| 14 | Көпмәдениетті және көркем – эстетикалық тәрбие | Ұлдар жиналысы | Тәрбие ісі орынбасарлары Ұлдар ұйымының жетекшісі | 21.10.2021ж |
| 15 | Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты | «Таза жүр, абайла тұмаудан сақтан» | Мектеп медбикесі Сынып жетекшілер | 26.10.2021ж |
| 16 | Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие. Көп мәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие | «Берекелі алтын күз» (апталық) | Тәрбие ісі орынбасарлары Сынып жетекшілер | 27.10 – 29.10.2021ж |
| 17 | Отбасы тәрбиесі | Тоқсан қорытындысы, ата-аналар жиналысы | Сынып жетекшілер | 04 – 05.11.2021ж |
| 18 | Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие | «Тазалық – денсаулық кепілі» тақырыбында сыныптарда сынып сағаттары мен челленждер ұйымдастыру | Тәрбие ісі орынбасарлары Тәлімгер Сынып жетекшілер | 15.10- 19.10.2021ж |
| 19 | Дене тәрбиесі, салауатты өмір | 1 желтоқсан ЖИТС-қа қарсы | Тәрбие ісі орынбасарлары | 22/26.10.2021 ж |

| | | | | |
|----|---|--|---|------------------------|
| | салты | күрес күніне орай «Біз ЖИТС-қа қарсымыз» түсінік жұмыстарын жүргізу, видеороликтер дайындау | Тәлімгер Сынып жетекшілер Медбике | |
| 20 | Рухани жаңғыру | 1-желтоқсан – Тұңғыш президент күні «Заманауи Қазақстан. Елбасының көшбасшылығы туралы сынып сағаттар Қазақтың әйгілі күйші-композиторы, Қазақстанның халық әртісі Дина Нұрпейісованың туғанына – 160 жыл; | Тәрбие ісі орынбасарлары Тәлімгер Сынып жетекшілер | 25- 30.11.2021ж |
| 21 | Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты | «Наша қорлыққа қарсы күрес» түсінік жұмыстарын жүргізу, видеороликтер дайындау | Тәлімгер Мектеп медбикесі | 09.12.2021ж |
| 22 | Мәңгілік ел | 16-Желтоқсан Тәуелсіздік күні мерекесіне орай онкүндік ұйымдастыру | Тәрбие ісі орынбасарлары Тәлімгер Сынып жетекшілер | 06.12 – 13.12.2021ж |
| 23 | Жаңа қазақстандық патриотизм мен азаматтықты тәрбиелеу, құқықтық тәрбие | «Зорлық зомбылықсыз балалық шақ» түсіндірме жұмыстары, видеороликтер көрсету | Мектеп психологтары Тәлімгер | 10.01- 14.01.2021ж |
| 24 | «Рухани жаңғыру» | «Еріктілер тобымен» жұмыс жүргізу 8-11 сынып оқушыларымен жұмыс | Тәлімгер | Уақытылы |
| 25 | Жаңа қазақстандық патриотизм мен | «Өз құқығыңды білесің бе?» | Тәрбие ісі орынбасарлары | 19.01.2022 ж |

| | | | | |
|----|---|--|--|--------------|
| | азаматтықты тәрбиелеу, құқықтық тәрбие | | | |
| 26 | Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты | «Ерте жүктілік және оның жасөспірім қызбалалардың денсаулығына зияны» | Тәрбие ісі орынбасарлары Мектеп медбикесі | 27.01.2022 ж |
| 27 | Рухани-адамгершілік тәрбие Ұлттық тәрбие | «Адалдық жолдан айныма» адалдық сағатын өткізу 7-8 сыныптар Қазаққыны, әдебиеттанушығалым, түркітанушы, публицист, педагог, аудармашы, қоғам қайраткері Ахмет Байтұрсынұлының туғанына– 150 жыл; | Тәрбие ісі орынбасарлары | 03.02.2022 ж |
| 28 | Дене тәрбиесі және салауатты өмір салты тәрбиесі | ««Есірткіге жол жоқ» | Сынып жетекшілер | 11.02.2022ж |
| 29 | Жаңа қазақстандық патриотизм мен азаматтықты тәрбиелеу, құқықтық тәрбие | «Жасөспірім түнгі қалада» рейд жұмыстарын ұйымдастырып отыру | Тәрбие ісі орынбасарлары Сынып жетекшілер | Жыл бойы |
| 30 | Рухани-адамгершілік тәрбие Ұлттық тәрбие | Жұма сайын аудандық мешітке рейдтік бақылауға бару | Тәрбие ісі орынбасарлары Сынып жетекшілер | Жыл бойы |
| 31 | Рухани жаңғыру | Мамандық таңдау жұмыстары бойынша ЖОО мен колледждер мен кездесу ұйымдастыру | Сынып жетекшілері | 25.01.2022ж |

| | | | | |
|----|--|--|---|-----------------------|
| | | 9-11 сыныптар | Тәлімгер Психолог | |
| 32 | Отбасы тәрбиесі | «Ана – өміріміздің мәні сен!» апталық | Тәрбие ісі орынбасарлары Сынып жетекшілер Тәлімгер | 01.03- 04.03.2022ж |
| 33 | Мәңгілік ел | « Нұр себеле ,Ұлыстың Ұлы күні , өз Наурыз» | Тәрбие ісі орынбасарлары Сынып жетекшілер Тәлімгер | 14.03 – 18.03 |
| 34 | Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие | «Еріктілер тобын» мектеп ауласына және жақын маңдағы көшелерге сенбілік ұйымдастыру | Тәлімгер Жас Ұландықтар | 02.04.2022ж |
| 35 | «Ұлы даланың жеті қыры» | 1 мамыр-Бірлік пен татулық күні «Достық пен бірліктің мекені – Қазақстан!» | Тәрбие ісі орынбасарлары Сынып жетекшілер Тәлімгер | 25.04 – 29.04 |
| 36 | «Рухани жаңғыру» | 9 мамыр Жеңіс күні «Мәңгілік өшпес отты жылдар» | Тәрбие ісі орынбасарлары Сынып жетекшілер Тәлімгер | 02.05 -06.05 |
| 37 | Көп мәдениетті және көркем- эстетикалық тәрбие | «Ерте жүктілік деген не?» әңгіме сағаты | Сынып жетекшілер Мектеп медбикесі | 14.04.2022 ж |
| 38 | Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие | Сенбіліктер «Жасыл ел» акциясы | Мектеп әкімшілігі | Уақытында |
| 39 | Рухани- | «Дін-қоғам өмірінде» видеоконференция | Тажиева А | 12.05.2022 ж |

| | | | | |
|----|--|---|-------------------------------|--------------|
| | адамгершілік тәрбие Ұлттық тәрбие | | | |
| 40 | Жаңа қазақстандық патриотизм мен азаматтықты тәрбиелеу, күқықтық тәрбие | «Сыңғырла соңғы қоңырау» | Мектеп әкімшілігі | 25.05.2022 ж |
| 41 | «Рухани жаңғыру» | «Жазғы лагерь-2021» | Лагер меңгерушісі | 01.06.2022 ж |
| 42 | «Мәңгілік ел» | 1-маусым балалар қорғау күні «Бала біздің болашағымыз» | Лагер жетекшілері Тәлімгер | 01.06.2022 ж |
| 43 | «Рухани жаңғыру» | ҚР рәміздер күні «Қазақстан: Туы мен тұғыры, Елтаңбасымен еңселі, Әнұранымен айбатты» | Лагер жетекшілері Тәлімгер | 04.06.2022ж |
| 44 | Рухани- адамгершілік тәрбие Отбасы тәрбиесі | Аттестат табыстау кеші (9 сыныптар) «Сәт сапар жас түлек!» (11 сыныптар) | Мектеп әкімшілігі | |